

обсаженных деревьями, величие архитектурных ансамблей площадей, на строгую красоту зданий, исторических памятников, а на селе - на красоту леса, полей, всей родной природы. Это первое общение детей с архитектурным искусством надо всячески развивать, рассматривая с ними фотографии архитектурных сооружений разных городов, памятников архитектуры прошлого. Все это сыграет огромную роль в формировании эстетических вкусов детей. Незатейливые игры в природе доставляют много радости детям и в то же время развивают их наблюдательность, воображение, фантазию, обостряют восприятие прекрасного.

В целом лишь комплекс всевозможных методов может обеспечить полноценное эстетическое развитие ребенка. Известно, что практика приобщения к изобразительной деятельности опирается на традиционное народное творчество, в котором синтезированы все виды изобразительного искусства. При таком подходе воспитание приобретает универсальный характер, становится доступным и эффективным средством развития подростка, раскрывает его творческие способности, формирует художественные умения и навыки. Особенностью художественно-изобразительной деятельности является, ее творческий характер, спонтанность фрагментов урока, импровизация учителя и учеников. Все это способствует развитию творческих способностей детей в каждой ситуации, в которой актуализируются воображение, сочинительство, наблюдательность. Придумывая, воображая, фантазируя, они делают открытия, раскрывая для себя безграничный мир искусства. Возрастное развитие учащихся обуславливает, как известно, и новые эстетические и художественные требования. Накапливая знания и зрительные представления об окружающих предметах, подросток, занимающийся изобразительным искусством, начинает предъявлять аналогичные требования к своим рисункам, которые иногда опережают его возможности. В это время основной задачей педагога становится заинтересовать ребенка и вывести его на самостоятельный контакт с искусством. В процессе формирования художественной культуры школьников не менее важным является вопрос: что и как воспринимается ими в искусстве? Ведь только целостное восприятие произведения и чувство стиля художника, его творческой манеры являются определяющими факторами при построении типологии зрительского восприятия школьников.

Воздействие эстетических явлений жизни и искусства на личность может проходить как целенаправленно, так и спонтанно. В этом процессе огромную роль играет школа. Анализируя литературу, можно сделать вывод, что искусство является основным средством эстетического воспитания. Познавательный интерес к искусству у учащихся довольно велик, а наличие интереса - это первое из условий успешного воспитания. Кроме того, материал по искусству обладает большим эмоциональным потенциалом, будь то музыкальное произведение, литературное или художественное. Именно сила эмоционального воздействия является путем проникновения в детское сознание, и средством формирования эстетических качеств личности.

ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Базарбаев А.Ж

Ы.Алтынсарин ат.Арқалық

мемлекеттік педагогикалық институты,

математика мамандығының 2-курс студенті

Ғылыми жетекші: Абдрахманова М.Т

математика және физика кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбегейлі өзгерістер болып жатқаны мәлім. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің ең қасиетті міндеті - рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-

салты, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзі сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз қажет.

Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты.

Мұғалім - баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік-саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу - мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Әсіресе осы кәсіби білік дағдыларын шыңдауы оның ұстаздық тәжірибе жинақтауының ең басты алғы шарты болып табылады.

Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Бүгінгі жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу - үлкен міндет.

Ауыздан ауызға таралып, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтың қара есептері адам баласы космосқа сапар шегіп, ғылым мен техника кереметтеріне куә болып отырған бүгінгі таңда өз өңін түре қойған жоқ. Бұл есептер аса қарапайымдылығымен әрі логикалық шығармашылығымен ерекшеленіп математикалық ойды өмірмен байланыстыра, қысқа да бейнелі тілмен жеткізудің нәтижесінде ұмтылмай есте сақталып келген. Қазіргі математиканың есептеу тәсілдерін жетік білетін оқырманның өзі де кезінде қағаз ұстап, қалам тартпаған қарапайым адамның есепке жүйріктігіне ақыл-ойларының ұшқырлығына тәнті болары сөзсіз [1].

Қара есептер – халық қазынасы. Ол дүниеге бірден келген жоқ, оған халықтың ғасырлар бойы еңбегі, білімі, өнері жұмсалды. Балалардың тіл ұстанымын, дүниетанымын кеңейтумен бірге оларды адамгершілік рухына тәрбиелеуде бұлардың ерекше маңызы бар. Өйткені оқушылардың математикалық қабілетін дамыту мақсатын жүзеге асыруда қара есептердің алатын орны ерекше. Оқушыларды математика тарихымен таныстырып ғалымдар мен әдіскерлер әрбір елдің қоғамдық құрылысына және мектептің жалпы міндеттеріне байланысты әр уақытта түрліше жүргізіп отырған.

Қазақтың қарапайым қара есептеріне зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, содан үлкен де мәнді мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Өйткені қай өнер болса да арналы, сулы шалқарлы дариядай болып кемеліне келгенше жолында кездескен сандаған үлкенді-кішілі арналардан бас құрайтын өзен секілді екенін білеміз. Қара есептерде дәл осындай суреттер сияқты.

Шынында да көне мәдениет пен әдеби туындылар ең алдымен халық жинаған думанды сауықтарды, ойын-той үстінде дүниеге келіп, көптің игілігіне айналған. Оны бүгінгі және болашақ ұрпаққа қара есептер адам еңбегінің жемісі, халықтың қиял-ғажайып ой құбылысының көрінісі, дүниені танып білуге талпынысының нышаны ретінде өмірге келгенін оның бар өмірдің бастамасы, халықтың әлеуметтік – экономикалық айнасы екенін білуге тиіс.

Қара есептерде халықтың әлеуметтік – экономикалық жағдайларын және олардың өте ертеде туып, оның көші-қон жағдайларына сонымен бірге халықтың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты екенін ұлттық мәнді қара есептермен таныса отырып көзіміз

әбден жетеді. Қара есептер атадан – балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырған және халықтың дәстүрлі шаруашылықтарының мәдени өнер тіршілігінің, халықтың бейнесі, көрінісі де болған.

Қара есептер біресе жұмбақ, біресе өлең, біресе қара сөз, біресе ертегі, біресе тәжікелесу, ілмек не дұзақ шешу, ұйқас түрінде ұшырасады. Бұл халық аузындағы есептердің әдеби сипаты. Сондай есептерге мысалдар келтіріп көрейік:

«Соқыр шам». Ертеректе кедей жатақтар жер төледе тұратын. Ол кезде төбеде терезе қалдырып, әйнек орнына мал қарны керілетінді. Босаңдау есілген жіп, мал майына батырылып, кешкісін тұтанған соң, көлеңкеленіп көзін ашады. Соқыр шам түтіні будақтап үйді ыстайды. Білтеленген қарақұрым күйе кит етсе, шаммен бірге шалқып, төбеде желбіреді. Әке мен шеше:

- Жатыңдар! – деп ертеңгі тіршілік қарекетін ойласа, балалары бірін бірі түртіп, есепке ой жүгіртеді. Сондағы есебі:

Үш жалпылдақ шам жанып тұрды. Екеуін сөндірсе нешеуі қалады.

Жауабы: Мұнда екі жауап болуы мүмкін

а) жанып жарық беріп тұрғаны біреу,

ә) шам жанып кететін болса, жанбай сақталып қалғаны екеу.

Салт аттылар. Айдала. Көзге түртсе көрінбейтін айсыз түн. Суыт жүрістілер аяң жүріспен келеді. Екі ауылдың арасы ет пісірімдік жер. Жападан жылт еткен сәуле сөніп өшті. Үй иесі бұрын кіре ме, әлде салт аттылар бұрын кіре ме?

Жауабы: Ешқайсысы кірмейді, себебі сөніп-өшті деген сөзге мән берсек, сәуле сөнгеннен кейін жанған жоқ өшіп қалды.

Ата жасы:

- Ата, нешедесіз?

- Үш жылдан соң бұдан үш жыл бұрынғы жасымнан екі есе артық болады.

Сонда ата нешеде болғаны?

Жауабы: тоқсанда болғаны.

Жыл қайыру:

- Нешедесін деді ақсақалға жігіт ағасы

- Төрт жылқы, тоқтымын – деді Тәттімбет күйші, сонда Тәттімбет нешеде болғаны?

Жауабы: Тәттімбет күйші өзіне төрт мүшел толғандығын айтты.

Бүк пе, шік пе?

Мен қазір бір уыс асықтарды жерге шашып тастаймын – деді Кейкуат.

Асықтардың біреуін не бірнешеуін аударып араластыруларыңа болады. Одан әрі біреуін алақандарыңмен жауып тұрасың. Сонда мен бүк жағымен бе, әлде шік жағымен бе жатқанын айтып беремін. Ал енді бұған қандай шартың бар? Ендеше тындандар шартым мынау: Асықты аударған сайын маған «Болдым!» деп белгі бересіңдер келістік пе? Ойын басталды таяқ жерге тасталды. Ойын шартында Сиқырлық сыры бар. Сиқыршы асықты шашқан кезде қанша асық бүк жағымен жатқанын санап алу керек. Әрбір «Болдым!» сөзден кейін, бүк санына бірді қосып отыру керек. Егер осы соңғы сан жұп сан болса, асықтарды аударыстырғаннан кейін де жұп санды бүк саны шығады. Егер де ол тақ сан болса жердегі бүктердің саны тақ болу керек. Сиқыршы осыны ескере отырып, жердегі жатқан асықтарды бір қарап-ақ қол астында асықтардың қалай жатқандығын оңай таба алады. Айталық аударыстырып болғаннан кейінгі ашық жатқан асықтардың бесеуі бүк болсын. Ал оны жасырғаннан кейін оның төртеуі қалады. Сиқыршы ашық жатқан асықтар арасынан бүктің төртеуі екенін көреді де, қол астында асық бүк жағымен жатыр дейді, өйткені оның ойша санаған қосындысы тақ сан болған еді.

Бір сан ойла. Бірді шегер. Нәтижені екі еселе. Одан бастапқы ойлаған санды алып таста да нәтижеңді айт!

(Жауабы: 10 саны ойланылсын

Одан бірді шегерсек: $10-1=9$

Бұл нәтижені екі еселесек: $9 \cdot 2 = 18$

Мұнан бастапқы ойлаған 10 санын алып тастасақ $18 - 10 = 8$

Табылған нәтиже 8.

Бұған екіні қосып, ойлаған саны 10 –ды табады.

Сонымен, осы әрекеттерде нәтижеге екі санын қосып отырса ойлаған сан әрқашанда табылады.

Көп көңіл бөліп, математика сабағын түрліше әдістемеліктерді пайдалана отырып ұлттық мазмұнды есептер қарастыру арқылы оқушылардың ойлау, есепті тез шешу, шапшаңдық қабілеттеріне машықтандыруға тәрбиелейміз. Әрбір тұрмыс тіршілігіне байланысты есептер аз емес сондықтан бастысы байырғы қазақтың қара есептерін математика сабағында әдістеме ретінде қолданыс тапса болашағымыздың, ұрпағымыздың ойлау қабілеттерінің, ой-өрісінің дамуы арта түспек. Өмірде кездеспек тіршілік көзінің ата-бабамыздан оңай келіп соқпағанын және де оның келешек ұрпақ үшін де маңызы зор екенін көрсете аламыз[2].

Пайдаланған әдебиеттер:

1.«Қазақстан мектебі» журналы. №6, 2005 жыл.

2.«Сынып жетекші» журналы. №9, 2007 жыл.

НЕГІЗГІ АСПАПТЫ ҮЙРЕТУДЕГІ ОҚЫТУШЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

*Даукенова Айнура Уалихановна
Тарих және өнер факультеті,
музыкалық білім мамандығының
2-курс студенті
Есмаганбетова Ш.К. ҚМПИ,
Өнер кафедрасының аға
оқытушысы*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев "Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелер міндет ауыр" деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың қазіргі жаңа технологиясын шебер терең меңгерген болғанда ғана білігі мен білімі жоғары, жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Мұғалімнің бір ғана сыры - оның мамандығы. Бұл дүниеде теңдесі жоқ мамандық тек мұғалімге ғана лайық. Сондықтан ұстаз адам - кәсіби мамандығына құштар, оны жан-тәнімен сүйетін, барлық өмірін соған арнауы тиіс.

Өз басым мұғалім мамандығын дәлірек музыка пәнінің мұғалімі мамандығын тандадым, сондықтан өз мамандығыма байланысты яғни негізгі аспапта-қобызда ойнау технологиясы жайлы айтқым келеді.

Музыкалық педогогика қазіргі заман психологиясының жалпы деректеріне негізделген және тиісінше оқушының жеке сипатын есепке алатын терең ойластырылған процесс болуы керектігі ешкімнің күмәнін тудырмайды. Орталық жүйке жүйесінің қозғалыс аппараты құрылымын ашатын физиологияда үлкен маңызға ие, ол қозғалыс дағдыларын тәрбиелеу жағынан көп нәрсе көрсетеді. Физиология бейімділік және қозғалыс облыстарының шын арақатынасын түсінуге көмектеседі, соның арқасында музыкалық педогогикада бірте-бірте кең таралып келе жатқан оқушыны тәрбиелеудің бейімділік әдісінің пайдалылығы көрсетілді. Ұстаздың оқушының бейімділік дамуына ғана назар аударуы